

Жітіқара ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 248 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 қаңтарда № 31658 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жітіқара ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы

А. Кабиев

Мәслихаттың

2022 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 248 шешіміне

қосымша

Жітіқара ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	402,82
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	419,60
Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	4 028,15